

Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 66 қаулысы. Абай облысының Эділет департаментінде 2023 жылғы 5 сәуірде № 37-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына және "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Абай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Әкімдіктің осы қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

H. Уранхаев

Абай облысы әкімдігі
2023 жылғы 31 наурыздағы
№ 66 қаулысына
қосымша

Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері Көтермелебудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері:

- 1) Құрмет грамотасы;
- 2) Алғыс хат;
- 3) Ақшалай сыйақы.

Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Абай облысы әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда және жолын кесуде белсенді қолдау көрсеткен азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) ұсынады. Сол азамат наградтауға тоқсан ішінде бір реттен артық ұсыныла алмайды.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады, оның отырыстары тоқсан сайын және тиісті тоқсанның соңғы айының соңғы онкүндігінде өткізіледі.

5. Комиссия бес адамнан тұрады:

Абай облысы әкімі аппараты басшысының құқық қорғау органдарымен өзара іс – қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары - комиссия төрағасы;

Абай облысы қоғамдық даму басқармасының басшысы - комиссия мүшесі;

Абай облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы - комиссия мүшесі;

Абай облысы қаржы басқармасының басшысы - комиссия мүшесі;

Абай облысы мәслихатының депутаты - комиссия мүшесі.

6. Комиссия отырысы төрағамен бірге оның жұмысына үш адам қатысқан кезде заңды болып танылады. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім комиссия төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

7. Көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

8. Комиссия отырысының хаттамасына отырыстан кейін үш күн ішінде қол қойылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және жолын кесуге ықпал еткен азаматтарды көтермелеу хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

10. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға құрмет грамотасын, алғыс хатты, ақшалай сыйақы беруді Абай облысының Полиция департаменті салтанатты түрде жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақының мөлшері

11. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

12. Ақшалай сыйақыны төлеу Полиция департаментінің бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Департамент бастығының бұйрығы шығарылады.

14. Көтермелеге ақы төлеуге қаражат Абай облысының Полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК